

Қорытынды емтиханға қойылатын талаптар

Емтихан онлайн түрде өтеді және тест сұрақтарынан тұрады:

1. Бірінші тапсырма: Берілген мәтіннің мазмұнын жазбаша түрде ана тілінде баяндау.

Емтиханның осы кезеңінде оқу және тісіну қабілеті, оқылған ақпарат бойынша ой-пікір айтуы, сонымен қатар, оқылған мәтіннің мазмұнын айтып жеткізу қабілеті тексеріледі.

Тапсырма мазмұны:

а) Мәтіннің негізгі мазмұнын анықтау.

Мысалы: The text is about ...; The text is devoted to ... The text deals with.

в) Мәтіннен жеке фактілер мен маңызды бөлімдерін табу. Мысалы: *What...? Where...? When...? How...?*

с) Мәтіннен сипаттамасы студенттерден дәлелді пікірлер талап ететін фактілерді табу. Мысалы: *Why? What for?*

2. Екінші тапсырма: Оқылған мәтінге 6 сұрақ құрастыру.

Емтиханның бұл кезеңінде лексика, грамматика жағынан дұрыс сұрақ қою қабілеті тексеріледі.

3. Үшінші тапсырма: Берілген тақырыпта эссе жазу.

Емтихан материалдарына дайындық ұсыныстары

1. Ұсынылып отырған мәтін түпнұсқалы (ғылыми-көпшілік, публицистік, көркем әдебиеттік) және келесі талаптарға сай болуы тиіс:

Оқу бағдарламаның пәндік-тақырыптық мазмұнына сай болуы тиіс;

Мағынасы жағынан аяқталғанымен, ұйқасымдылығымен және тұтастылығымен сипатталуы тиіс;

Оқу бағдарламасымен анықталған, студенттердің дайындық деңгейіне сәйкес болуы тиіс.